

ЖТК II деңгей

Сабақтың тақырыбы: «Қыс немен қызықты!»

Сабақтың мақсаты:

1. Білімділік: Балаларды қыс мезгілімен таныстыру. Қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту, қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Суреттер бойынша әңгіме құрастыру арқылы балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.

2. Дамытушылық: Артикуляциялық және ұсақ қол моторикалырын, дұрыс тыныс алу қабілеттерін дамыту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейінін, қиялын топта жұмыс жасау қабілеттерін, сабаққа деген қызығушылығын дамыту.

3. Тәрбиелік: Балаларды табиғатты аялауға, еңбек сүйгіштікке, үлкендерді сыйлауға, жинақылыққа бірін-бірі тыңдауға, қадірлеуге, шығармашылыққа, жан-жақтылық қасиеттерін шыңдау арқылы тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: қыс мезгілі бейнеленген суреттер, айна, таратылмалы материалдар, қол сүрткіш, тыныс алу жаттығуына арналған қаршықтар, ноутбук, хат.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Сәлемдесу.

Достарымның барлығын,
Сыйлап, жақсы көремін
Алақаным арқылы
Жылуымды беремін!

2. Балалардың көңіл - күйлерін сұрау: «Психожаттығу :Сен қандайсың!»

3. Артикуляциялық жаттығулар:

«Сусыр», «Жалпақ тіл», «Күрекше», «Ине», «Сағат», «Футбол», «Өткеншек», «Тіс тазалау», «Тәтті тосап», «Кесе», «Түтікше»

4. Тыныс алуға арналған жаттығулар:

«Қаршықтар»

I. Негізгі бөлім:

а) Балаларға жаңа сабақтың мақсат-міндетімен түсіндіру.

II. Жаңа сабақ.

а) Кіріспе әңгіме:

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Иә, дұрыс айтасындар, қыс мезгілі. Ал, қыс мезгілінде неше ай бар, қазір қай ай?

- Ендеше балалар, барлығымыз көзімізді жұмып, қыс мезгілін көз алдымызға елестетейікші.

Тыныштық сәті (жәй музыка ойналады)

Балалар қараңдаршы бізге мұз ханшайымы хат беріп жіберіпті. Ішінде не жазылыпты барлығымыз мұқият тыңдаймыз!

Сәлеметсіңдерме балалар! Мен мұз ханшайымы сендерден көмек сұрап хат жаздым. Мен қатты жаурап кеттім. Менің жылынуым үшін мына төмендегі тапсырмаларды орындап көмектесіңдерші.

-Балалар мұз ханшайымына көмектесемізбе!

-Иә

-Ендеше бірінші тапсырмамыз

1. Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық!»

Ойын шарты: Тақтаға қыс мезгілдерінің және бір жаз мезгілінің суреті ілінеді. Балалар артық суретті тауып, жаз мезгілі туралы сипаттап айтып беруі керек.

III. Сергіту сәті.

Атамның алып күрегін
Ауланың қарын күредім
Апама барып құдықтан
Су әкеліп беремін,
Еденді де жуамын
Тап-таза боп тұрамын.

IV. Сабақты жалғастыру

Тақпақ жаттау: «Қыс»

Далада қар борайды
Ақ мамыққа орайды
Мүз болады қатады
Жып-жылтыр боп жатады.

2. Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта»

Шарты: Балаларға бір сөйлемді бастап айтады, балалар сол сөйлемді өз ойларынша аяқтауы керек.

V. Қорытындылау:

Балалар сендер мұз ханшаиымының берген тапсырмаларының барлығын орындадыңдар. Сендерге көп рахмет. Бізде мұз ханшаиымына хат жолдайық жарайма!

- Балалар сендерге бүгінгі сабағымыз ұнады ма?
- Бүгінгі сабағымыз қандай тақырыпта болды?
- Қыс мезгілінің ерекшеліктерін кім атап береді?
- Қыс мезгілінде неше айы бар?

